

## 9. Құлмамбет ақынның Шабдан батырға айтқаны

Ор. Айтжан Айдарбаев

Байсалды, баяндай

Оу! Бол-ған-да ел а-ға-дан, тон жа-ға-дан,  
 Көк-жал бө-рі со-ға-ды тау са-ға-дан. Сыр-тың-нан көр-ме-сем-де  
 ұ-ғу-ш(ы)с-дiм, Жүр-мі-сiң ба-тыр Шаб-дан е-сен, а-ман.  
 Мен ө-зім Құл-ман-бет-пiн Құ-лан а-ян, Е-ке-нім Құ-ла-а-ян  
 құ-дай-ғ(а)а-ян. Бұл жақ-та мұ-сыл-ман-ға тақ боп тұр-сын,  
 Кеп тұр-мын ар-уа-ғы-ңа Қар-қа-ра-дан, оу!  
 О - - - - оу Қар-қа-ра-дан а-хоу.

Болғанда ел ағадан, тон жағадан,  
 Көкжал бөрі соғады тау сағадан.  
 Сыртыңнан көрмесем де, ұғушы едім,  
 Жүрмісін, батыр Шабдан, есен-аман.

Мен өзім Құлмамбетпін-Құланаян,  
 Екенім Құланаян құдайға аян.  
 Бұл жақта мұсылманға тақ боп тұрсын,  
 Кеп тұрмын аруағыңа Қарқарадан.

Албанда өткен екен Қашаған хан,  
 Серғазы сексен екі жасаған хан.  
 Алты ауыз арыз айтпай қаламым ба,  
 Алтынды аттағаң соң босағанды.